# *САБАҚ МАҚСАТЫ*

Мектеп: " Киров орта мектебі"КММ
Мұғалімнің аты-жөні: Касымканова Анара Сұлтанқызы

Сабақтың тақырыбы
Менің сыныбым

**Оқу мақсаты**

**Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)**

1.1.1.1 Сөзді зейін қойып тыңдау, түсіну және оған сәйкес дұрыс әрекет ету (қимыл, ым-ишараны қолдану, іс-әрекет жасау)
1.2.3.1 Сұхбаттасын түсіну және түрлі тәсілмен әрекет жасау, этика нормаларын сақтап жауап беру
1.3.3.1 Өлеңді ажырату
1.5.1.1 Мұғалімнің көмегімен заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну, ауызекі тілде қолдану

**Сабақтын мақсаты**

**Сабақтың мақсаттары Барлығы**: Өз сыныбы туралы айта алады,
Сөздерді зейін қойып тыңдайды, түсінеді және іс- әрекетте қолдана алады.
**Оқушылардың басым бөлігі**:
Сұхбаттасады, сыныпқа қатысты сұрақтарға жауап бере алады.
**Кейбіреуі:** Өлеңнен заттың атын, санын, сынын ажыратады, ауызекі тілде қолдана алады.

# *Белсенді оқыту әдістері*

Сабақтың басы

Сабақтың ортасы

Сабақтың соңы

***Допты лақтыру әдісі (Т)*** бойынша жұмыс жүргізу
Мектепке қатысты сөздерді айтады.
**Ширату кезеңі**
Балалар, сендер қайда отырсындар
Сыныпта нелер бар
-Қалай ойласындар, сабақтың тақырыбы қандай болады?
-Дұрыс, балалар.

***Сұрақ-жауап ойыны (Ж)***
**Диалог арқылы жұмыс. Тыңда,қайтала**.(Ж)
-Мынау не?
-Бұл менің сыныбым.
-Сынып қандай?
-Сынып үлкен,әдемі.
-Сыныпта не бар?
-Сыныпта тақта,үстел,парта, орындық,шкаф бар.
-Тақта қандай?
-Тақта үлкен және жасыл.

***"Қол белгісі" ( Ұ)***
"Мен түсініп отырмын және түсіндіре аламын"

"Мен әлі түсінбей отырмын"

"Мен түсінгеніме сенімді емеспін"
Осы белгілерге сүйеніп, мұғалім сабақтың қай деңгейді өткенін біле алады.

# Саралау әдістері

**Сабақтын мақсаты**
**Барлығы: Өз сыныбы туралы айта алады,**
**Сөздерді зейін қойып тыңдайды, түсінеді және іс- әрекетте қолдана алады.**
**Оқушылардың басым бөлігі:**
**Сұхбаттасады, сыныпқа қатысты сұрақтарға жауап бере алады.**
**Кейбіреуі: Өлеңнен заттың атын, санын, сынын ажыратады, ауызекі тілде қолдана алады.**

1 тапсырма

Суретке қарап, сипаттаңыз

**.Саралау кезінде мен көмекші сұрақтар арқылы жұмыстар жүргіземін.**

**Сыныпта не бар?**

**Парта қайда тұр?**

2 тапсырма

Диалог арқылы жұмыс

**Саралау кезінде карточкалар үлестіремін.**

**Көп нүктенің орнына жаңа сөздерді қой.**

3 Тапсырма

Өлеңмен жұмыс

**Кейбіреу оқушыларға сандарды қайталап кету.**

Онға дейін сандарды айту.Егер мына тапсырмада кейбіреу оқушыларға қиын болса, мен оларға уақыт беремін.

# *Критериалды бағалау*

***Сыныптағы заттарды санау. Неше тақта? неше үстел? неше орындық? неше парта?(Ұ) "Сыныпта"***

Сыныпқа қара!
Ал енді сана!
Неше орындық,неше парта,
Бар екен біздің сыныпта?

***Дескриптор***

Оқушылар заттарды ажыратады. Неше? деген сұраққа жауап береді.

***Бағалау***

Сабаққа белсенді қатысқан оқушыларға жұлдызшалар беремін

# *Ықшамсабақтың жоспарлауға ықпалы туралы қорытындылар*

Ықшамсабақ жоспарлау кезінде түсінбеген жерлерімді әріптестерімнің қолдауы арқылы іске асырдым.Қ М Ж құруда кері байланыстар мен үшін өте маңызды болды. Әріптестер тарапынан үнемі қолдау көрдім.

Тренер жаңартылған оқу бағдарламасының мақсаты мен міндеттерін, ерекшелектерін түсіндіріп практикада корсетіп отырды